

**"Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырудың анықталуын медициналық куәландырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 11 маусымдағы N 575 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 648 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 29 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4532 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 28 шілдедегі № 552 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.07.28 № 552 Бұйрығымен.**

АҚТҚ жұқтырған адамдарды уақтылы анықтау іс-шараларын жетілдіру  
ма к с а т ы н д а **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. "Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырудың анықталуын медициналық куәландырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 11 маусымдағы N 575 бұйрығына ( Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінде N 1905 болып тіркелген, N 33 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2002 жылғы қыркүйек) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтыруды анықталуын медициналық куәландырудың ережесінде :

4-тараудың тақырыбында "клиникалық" деген сөзден кейін "және эпидемиологиялық" деген сөзбен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы 24)-26) тармақшалармен толықтырылсын;

"24) цитомегаловирустық, герпестік көз аурулары;

25) жыныстық қатынас жолдарымен берілетін инфекциялармен ауырғандар;

26) иммундық тапшылық жағдайы";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 9 . Б а с қ а ж а ғ д а й л а р :

1) жүкті әйелдер есепке алынған кезде және 30 апталық мерзімде, сондай-ақ

тексерілмеген жүкті әйелдердің перзетханаға түскенінде немесе жүктілікті ж а с а н д ы тү р д е ү з у ал д ы н д а ;

2) АҚТҚ жұқтырған аналардан туған балалар;

3) қан, оның компоненттері және басқа биологиялық материалдар рецепиенттері гемотранфузиядан соң 6 айдан кейін.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторы мен түзету мекемелеріне түсетіндер эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша түскен кезде және 6 ай сайын тексеріледі."

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (А.А.Белоног) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Д.В.Акрачкова) осы бұйрық Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*" К Е Л І С І Л Г Е Н "*  
*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Ә д і л е т м и н и с т р і*

*2007 жылғы 12 қаңтар*